

Качир ауданы Байқоныс ауылдық округі Байқоныс ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Байқоныс ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 15 ақпандағы № 6 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 ақпанда № 5387 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Байқоныс ауылдық округі Байқоныс ауылы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Байқоныс ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Качир ауданы Байқоныс ауылдық округі Байқоныс ауылының мына көшелері:
"Гвардейская" көшесі "Ыбырай Алтынсарин" көшесі болып;
"Луговая" көшесі "Тәуелсіздік" көшесі болып;
"Дзержинского" көшесі "Кәукен Кенжетаев" көшесі болып;
"Фрунзе" көшесі "Әлихан Бөкейханов" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Байқоныс ауылдық
округінің әкімі*

Қ. Алтаев